

## Темір жол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының (Жапония) заеммен қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1035

Темір жол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының (Жапония) заеммен қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету және "Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасы жөніндегі Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры (Жапония) займының қаражатын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1064 қаулысына Р961064\_ сәйкес жұмыстың басталуын жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнымен Теміржол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын қоса қаржыландыру туралы несиелік келісім жасассын;

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп 1997 жылы Теміржол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын қоса қаржыландыруға қаражат бөлудің кестесін жасассын;

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына келісілген кестеге сәйкес 1997 жылға арналған респубикалық бюджетте 1997 жылы Темір жол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын қоса қаржыландыру мақсатына көзделген 5000000 (бес миллион) АҚШ долларына тең сомада қаражат бөлсін.

### 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнымен Қазақстан Эксимбанкінің комиссиялық төлемінің мөлшерін кепіл шартын жасаспай, жылына заем сомасының 0,5% деп белгілей отырып, Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының (Жапония) заемы бойынша несие шартын жасассын;

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына көмекші жоба титулдары бойынша ведомстводан тыс сараптама және мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беруге рұқсат етсін.

### 3. "Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жобаның толық құнын қамтамасыз етуге кепіл берсін;

қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК